Список использованной литературы:

1. Ксензова, Г. Ю. Психологические основы воспитательной деятельности учителя. М.: Центр «Педагогический поиск», 2004;
2. Куликова Т.И. Классный руководитель: профессиональная компетентность и психологическая культура: монография / Тула: Изд-во ТГПУ им. Л.Н. Толстого, 2008;
3. Реан А.А. Психология подростка. Полное руководство для психологов, педагогов и родителей. СПб., 2003.

Гармония с самим собой

Т.Д. ЗАКОРА,
Г.Ж. ТЮЯКПАЕВА

Гармония – это оптимальная статическая и динамическая согласованность частей, характеристик целого предмета и оптимальная соотнесенность предмета с окружающим внешним миром. Синонимами ей в какой-то степени служат понятия «равновесие», «упорядоченность», «сбалансированность», «пропорциональность», «соразмерность», «соотношение», «сочетание», «согласие» и др.

Мы постоянно находимся среди людей: очень близких – дома, в кругу друзей; хорошо знакомых или малознакомых – на улице, в колледже, в гостях, в кружках и секциях, в автобусе, в театре, в кино и т.д.

Но готовы ли мы и наши воспитанники правильно вести себя со всеми окружающими нас такими разными людьми, чтобы чувствовать взаимное удовлетворение от общения с окружающим миром.

Дисбаланс в физическом и интеллектуальном развитии, чаще слабое здоровье становятся дополнительными, но весьма существенными факторами, осложняющими подготовку воспитанников к самостоятельной жизни. Особенности социально-психологического развития таких детей заключается в отсутствии опыта нормальной жизни и наличие собственного опыта асоциального поведения. Сироты, не имеющие примера созидательной, конструктивной деятельности в своей семье, быстро усваивают позицию потребителя, о нуждах которого заботится государство.

Потребительское отношение, формирующееся при жизни на полном государственном обеспечении, неумение строить жизнь по социально-культурным нормам и правилам, непонимание многих социальных взаимоотношений между людьми, ведут к негативным последствиям.

Дети – сироты и дети, оставшиеся без попечения родителей, нередко попадают в весьма трудную жизненную обстановку, которая ставит перед ним множество вопросов – бытовых, экономических, образовательно-профессиональных и социальных, психологических... Как правило, они трудно адаптируются в непривычных условиях, зачастую быстро «ломаются» при первых же столкновениях со сложностями и жесткостью нового для них мира.

Современное общество навязывает множество стереотипов, связанных с успехом, счастьем, благополучием. Человеку кажется, что он получит моральное удовлетворение, если достигнет высокого статуса, заработает денег или съездит на курорт.

На смену временной эйфории приходит уныние, апатия и фрустрация (расстройство планов). А все потому, что в погоне за «успешным успехом» человек перестает понимать, где его истинные желания, а где навязанные извне, своё «ненастроение» чувствуют воспитанники и подражают нам взрослым.

Чтобы не разочароваться в собственной жизни и правильно расставить приоритеты, есть интересная методика, которая называется «Колесо жизненного баланса», которая подходит и взрослым и подросткам.


Коуч и специалист по саморазвитию Пол Дж. Майер (Paul J. Meyer) предлагает составить колесо жизненного баланса. Это упражнение позволяет понять, как обстоят дела с достижениями в различных сферах жизни. Нередко у богатых людей, занимающихся бизнесом, наблюдается перекося в секторе работы, при этом быт и семья страдают. Мы хотим помочь каждому воспитаннику не ошибиться, не потеряться в жизни, выбрать правильный путь.


Колесо баланса – это инструмент, который позволяет определить слабые и сильные стороны жизни. Это поможет правильно направить внимание на те моменты, которые требуют дополнительного времени работы над собой.

Как составить колесо жизненного баланса?

- рисуем круг – желательно использовать для этого большой лист, чтобы изображение было четким и читабельным впоследствии;
- делим колесо жизни на значимые сферы – для каждого человека они будут свои;
- оцениваем каждую сферу по 10-бальной системе – минимальный балл ставится ближе к центру круга, максимальный – к границе;
- анализируем готовый результат.

Образец колеса №1.



Образец колеса №2.

Чтобы составить колесо жизненного баланса необходимо 1 простой лист бумаги.

На нём необходимо нарисовать окружность (круг) и разделить её на 8 равных частей, в виде пирога. Все эти части – это ваши жизненные ценности. У каждого человека они очень разные. Это могут быть семейные отношения, деньги или карьера, здоровье, отдых и так далее. Стоит задуматься и определить максимально важные ценности именно для вас.

Затем необходимо оценить удовлетворённость каждой из этих частей жизни. Для этого используйте 10-бальную шкалу. 0 – будет означать полную неудовлетворённость. Причём следовать нужно не каким-то стандартным требованиям, а личным ощущениям. Например, вы получаете зарплату, которой, полностью хватает для удовлетворения потребностей и на повседневные нужды. Но ваше окружение считает, что вы должны зарабатывать больше. Оценку следует ставить, исходя из собственных ощущений. Мнение остальных не должно влиять на колесо жизненного баланса.

Чтобы отметить оценки на рисунке, следует наметить шкалу от 0 (в центре круга) до 10 (его граница). Потом обозначьте на каждом секторе выставленную оценку. Чтобы колесо баланса жизни было более понятным, закрасьте область, соответствующую выставленной оценке. Если ваша жизнь стремится к полной гармонии, то вы получите полностью закрашенный на одном уровне круг. Если оценки отличаются друг от друга, особенно если они существенно отличаются, то необходимо принимать меры.

Далее следует проанализировать полученные результаты (по колесу сразу можно увидеть, над чем стоит поработать, а в каких областях вы

наиболее гармоничны), и можно приступать к самосовершенствованию.

Если вам сложно понять, какие области следовало нарисовать на колесе, или как работать с теми сферами, которые наиболее отстают, но можете воспользоваться руководством.

Отношения: испытывает ли человек тепло и радость общения? В жизни этот момент очень важен, так как при наличии крепких и надёжных отношений и женщина, и мужчина чувствуют уверенность в своих силах. Они способны реализовать самые смелые проекты.

Семья: ваши родные – это надёжная опора и поддержка. На хороших отношениях с семьёй может складываться успешное будущее. Однако эта сфера может и негативно повлиять на дальнейшее развитие. Если вам необходим баланс в жизни, стоит внимательно отнестись к родственникам и вашим отношениям с ними.

Работа: для жизненного баланса нужна любимая работа с хорошим доходом. Неудовлетворённость зарплатой или сферой деятельности может нанести непоправимый вред.

Здоровье: самое главное – это здоровье. Не нужно стремиться к идеальному телу, достойному олимпийских богов. Однако хорошая форма – залог успеха. Заботьтесь о своём здоровье, ведь это позволит преуспеть и в остальных сферах. Будучи здоровым, вы легко постоите карьеру, заведёте семью, создадите жизненный баланс.

Эмоциональная сфера: эмоции – это важная часть нашей жизни. Они играют важную роль и в колесе бизнеса. Ваше эмоциональное состояние отражается на вашем лице, на вашей мимике, на вашем отношении к людям. Не стоит пренебрегать обыкновенным смехом. Пусть вас постоянно захватывают эмоции. А добиться этого несложно – просмотр хорошей комедии, прыжок с парашютом или просто новые впечатления и ощущения сразу делают вашу жизнь наиболее эмоционально – насыщенной.

Работа: для жизненного баланса нужна любимая работа с хорошим доходом. Неудовлетворённость зарплатой или сферой деятельности может нанести непоправимый след.

Творчество: занимайтесь любимым творческим хобби – это не только позволяет интересно провести время, но и даёт возможность отвлечься от дел и погрузиться в мир творческих дел. Плавание, музыка, спорт, путешествия...

Саморазвитие: в мире множество дел, в которых вы еще не преуспели, но у вас есть все шансы. Постоянно развивайтесь, находите новые интересные занятия. Это может быть изучение иностранных языков, путешествия, новый вид деятельности...

Красота – имидж, осанка, ухоженность, манеры и многое другое, от чего зависит успех в разных сферах жизни – в любви, карьере.

Заключение. Релаксация.

Методика колеса жизненного баланса не готовое руководство к счастью и успеху.

Это скорее усредненная его формула. Но приоритеты у каждого свои. Поэтому не нужно расстраиваться, если не удалось получить идеальный рисунок. Важно иметь в голове собственное понимание гармонии и благополучия, тогда чужие достижения не будут вызывать негативные эмоции.

Методика колеса жизненного баланса рекомендует после первого колеса через 3-4 месяца повторить опыт, нарисовать новую схему. Можно это делать онлайн по шаблону. Создайте со свежими мыслями в голове. Нужно нарисовать колесо баланса или распечатать, затем повесить плакат на видном месте. Это отлично мотивирует на действия.

Психологический тренинг для 5-7 классов

Э.Б. МАСАЛИМОВА

«Социальные сети: в чем угроза?»

Цель: получение подростками достоверных знаний об опасностях в социальных сетях, обретение навыков безопасного использования возможностей социальных сетей.

План занятия:

1. Приветствие участников, установление правил встреч (3 мин.)
2. Упражнение «Спина к спине» (5 мин.)
3. Упражнение «Ассоциации» (5 мин.)
4. Упражнение «Плюсы и минусы социальных сетей» (15 мин.)
5. Просмотр видеоролика «Социальные сети» (4 мин.)
6. Итоговый вывод (10 мин.).

Оборудование: доска или флипчарт, тесты по количеству участников, карточки с примерами (Приложение 2), ручки, видеоролик «Социальные сети»

https://www.youtube.com/watch?v=I-0-K_FWXec.

Ход занятия.

1. Приветствие участников.

Цель: настроить участников на предстоящую работу.

- Здравствуйте! Рады приветствовать вас на этом цикле занятий! Надеемся, что они окажутся для вас интересными и полезными.

Прежде, чем мы начнем разговор теме занятия, давайте обратим внимание на правила, которые приняты на всех встречах нашей программы. Возможно, какие-то правила вы сможете назвать сами без нашей помощи? (Ответы участников записываются).

Правила групповой работы на занятиях:

1. *Правило «Поднятой руки»* – мы не перебиваем говорящего и стараемся дать ему высказаться.

2. *Правило «Уважение друг к другу»* – говорим без оценок и осуждения друга друга.




3. *Правило «Будь активным»* – предполагает ваше честное и активное участие во всех заданиях, которые мы будем проводить. Оно поможет получить максимум пользы от нашей встречи и провести время действительно с пользой.

4. *Правило «Стоп»* – каждый имеет право не говорить о том, что кажется ему неприятным. Так как время занятия ограничено, ведущие также обладают правом корректировать ход занятия с помощью этого слова.

Вопрос к участникам: какое из перечисленных правил кажется Вам самым важным? (Ответы участников и комментарии ведущего).

Соблюдение правил поможет нам сделать работу на занятии продуктивной и более активной.

**2. Упражнение «Спина к спине».**

Цель: активизация внимания, настрой учащихся на тему занятия.

Ведущий: Вам необходимо разделиться на пары и сесть спиной друг к другу. Попробуйте договориться о встрече сегодняшним вечером, не поворачиваясь к собеседнику. А теперь развернитесь и то же самое скажите

друг другу, глядя в глаза.

Вопросы для обсуждения:

Удалось ли вам договориться, сидя спиной друг к другу? А когда вы сидели лицом друг к другу? Как вам было легче общаться? А как еще можно договориться о встрече? Как можно обсудить и поделиться информацией, если реальная встреча невозможна? Как вы думаете, о чем пойдет речь на нашем занятии?

Информация для ведущего: обсуждение происходит до тех пор, пока на вопрос «А как еще можно договориться о встрече?» кто-нибудь не произнесет: «Через Интернет», «В социальных сетях», «В Контакте» и др.

3. Упражнение «Ассоциации».

Цель: актуализация знаний учащихся.

Ведущий: Ребята, скажите, а какие ассоциации у вас возникают, когда вы слышите словосочетание «социальные сети». (Учащиеся по очереди высказываются). (Самые известные из них – это «ВКонтакте», «Одноклассники», «Инстаграмм», «WhatsApp», «Viber», «Телеграмм» и «Facebook»).

Социальные сети – довольно актуальное явление в наше время. Огромное количество людей во всем мире проводят онлайн большую часть своего времени именно в социальных сетях. Они переписываются, общаются в группах, слушают музыку, смотрят видео и читают разные истории. Кто-то считает это пустой тратой времени, которое можно было бы потратить на более важные дела и занятия. Кто-то – наоборот, считает социальные сети важной частью нашей жизни, без которой уже не обойтись.

Кто из вас зарегистрирован в социальных сетях? Кто зарегистрирован более чем в одной социальной сети? Какие социальные сети вы знаете?

Наверняка, родители, воспитатели многих из Вас обеспокоены тем фактом, что у кого-то уже есть свой аккаунт в социальных сетях. И, конечно, у них есть на то свои причины. Так все-таки «социальные сети» – это плохо или хорошо? Вредно или полезно? Давайте попробуем разобраться.

4. Командная игра. «Плюсы и минусы социальных сетей».

Цель: определить положительное и отрицательное влияние социальных сетей на человека.

Оборудование: карточки с «плюсами» и «минусами» (Приложение 1).

Ход проведения. Класс делится на две команды. На каждую парту раздаются карточки, после чего участники первой команды выбирают из предложенных вариантов достоинства социальных сетей, а другая команда – недостатки. Ведущий фиксирует ответы команд на доске или флипчарте.

Информация для ведущего:

<i>Плюсы социальных сетей</i>	<i>Минусы социальных сетей</i>
▶ Возможность общаться с друзьями, живущими далеко. ▶ Возможность получить любую нужную информацию. ▶ Легкий поиск видео, музыки, фотографий.	▶ Отнимают очень много свободного времени. ▶ Ухудшают зрение. ▶ Развивают искривление позвоночника.

► Легкий способ найти друзей по интересам. ► Возможность осуществлять покупки. ► Получение большого объема информации в сжатые сроки.	► Возникают психологические проблемы. ► Возможность потери личной информации. Распространение спама, негативной информации. Мошенничество в сети (розыгрыши, лотереи, тесты)
--	--

(Ребята по возможности добавляют свои «+» и «-»)

Ведущий: Как мы с вами видим, в использовании социальных сетей есть и плюсы, и минусы. Задумывались ли вы что, чрезмерное увлечение социальными сетями в интернете может вредить здоровью? Люди, проводящие в сети большое количество времени, не могут плодотворно работать, учиться, общаться, заниматься спортом. Интернет заменяет им реальную жизнь.

2. Просмотр видеоролика «Социальные сети».

Цель: обратить внимание подростков на опасности, с которыми они могут столкнуться в социальных сетях.

Вопросы для обсуждения:

Какое впечатление произвел на вас этот видеоролик? Была ли новой какая-то информация для вас? О каких опасностях и рисках вы узнали из этого видеоролика?



3. Итоговый вывод.

Цель: получение обратной связи от группы.

Всем участникам на листах бумаги необходимо закончить следующее предложение: «Я считаю, что социальные сети полезное изобретение человечества, но я никогда не променяю...» Затем ребята по желанию высказывают свое мнение о правилах безопасного использования социальных сетей.

Ведущий: В завершение нашего занятия хотим сказать вам всем большое спасибо за ваше активное участие!

Современные технологии и средства связи можно сравнить с фаст-фудом. Когда мы голодны и не можем добраться до нормальной еды, мы можем довольствоваться гамбургерами, хот-догами и другими не самыми полезными продуктами. И если это случается не так часто, то ощутимого вреда для здоровья мы не почувствуем. Однако если мы будем питаться такой едой каждый день – на завтрак, обед и ужин, то очень скоро с нашим здоровьем могут начаться проблемы. То же самое можно сказать и про гаджеты. Не страшно, если иногда мы можем порадовать себя игрой в любимом приложении или посмотреть ролики на Ютубе. Но если все наше свободное время занимает использование электронных устройств, у нас непременно начнутся проблемы – со здоровьем, с друзьями и близкими и развитием жизненно важных умений и навыков.

Желаем вам, чтобы у каждого из Вас было больше настоящих радостей и живого общения с близкими людьми.

Балаңа көңіл бөл, ата-ана...

Н. КАДЫРОВА

15 жыл бұрын «жасөспірімдер өз-өзіне қол жұмсады» дегенді естімедік. Қазіргі кездері «оқушы бала жоғарыдан секірді немесе асылып қалды, дәрі ішіпті» яғни «өзіне-өзі қол жұмсапты» деген жаман хабарды көп естудеміз. Бұндай сұмдық хабарды дос түгіл жауыңа тілемейсің ғой.

Жеткіншектер өмірін неге қыршын қиды екен?! Күн сайын бұқаралық ақпарат құралдарында мұндай қайғылы оқиғалар туралы хабарлап жатады. Қай ата-ана болмасын «Бауыр етім – баламды мұндай дерттен қалай құтқарсам?» деп ойлары хақ. Осы тұрғыда, әрине, көптеген мәселелер туындайды. Қоғамда неліктен жасөспірімдер арасындағы өзін-өзі өлтіру жағдайлары белең алып отыр? Мүмкін, біз балаларға шектен тыс еркіндік беріп, өз тамырымыздан айырылдық па? Мүмкін ұрпақаралық сабақтастық үзіліп, қоғам ішінде кедергілер болып жатыр ма? Сұрақ көп, жарытымды жауап жоқ.

Адамзатқа бұл жайбарақат айтыла салатын, не жабулы қазан күйінде қалдыра қоятын мәселе емес. Ең өзекті пробле-

ма! Ресми мәліметтерге жүгінсек, Қазақстан 100 мың адамға шаққанда суицид бойынша әлемде үшінші орында. Ойландыратын жайт. Жыл сайын 1 миллион адам өзін ажалға қиса, солардың 8 мыңы – қазақстандықтар, яғни республикада әр сағат сайын бір адам өз еркімен өмірмен қош айтысып жатады. Бір атап өтерлігі, елімізде адам өлтіргендерге қарағанда өз-өзін өлтіргендер саны әлдеқайда көп екен. Еліміздің Бас прокуратурасы балалар суицидіне байланысты зерттеу жүргізіп, оларды өлімге итермелейтін факторларды анықтауға тырысқан. Бірінші кезекте баланың әлеуметтік-психологиялық жағдайы күрделі болуы мен тұрмыс деңгейінің төмендігімен байланыстырған. Алайда, осы күні жан қиып жатқан жасөспірімдер арасында ауқатты отбасынан шыққан балалар да бар. Жасөспірімдер арасындағы суицидті мамандар өтпелі кезең мен баланың жас ерекшелігімен байланыстырады.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы суицидтің 800 түрін анықтаған. Оның 41% – белгісіз, 19% – жазалау алдындағы қорқыныш, 18% – ішкі күйзеліс, 18% – отбасылық жағдай, 6% – сезімге, 3% – қаржылық дағдарысқа байланысты деп көрсеткен. Сондай-ақ, денсаулығының нашарлығы да өзіне-өзі қол жұмсауға итермелейтін фактор болып белгіленген. Ал 41% – белгісіз болғандардың себебі не?

Негізгі, мен психолог маман ретінде суицидке итермелейтін жалғыз себеп ол – жалғыздық дер едім. Себебі елордада өз еркімен жан тапсырған жасөспірімдердің екеуі баянсыз махаббатпен байланыстырса, енді бір бала ата-анасының ажырасып, басқа отбасы құрғанын көтере алмаған. Үшіншісі өзі қалдырған хатында өзін үлгілі отбасының баласы ретінде, ата-ана қалауындай тәрбиелі бала екендігіне сенімсіз екенін жазып кеткен. Бір қызығы, мемлекет пен үкіметтік емес ұйымдар тарапынан бұл кеселдің себебі мен оны шешуге бағытталған әлеуметтік зерттеу жоқтың қасы. Кезекті өлім орын алғанда, ата-ана, мектеп, полицейлер болып үш жақтан анықтауға кіріседі. Яғни, оның алдын алып, «ауырмайтын жол іздеу» қажеттігі сол кезде ғана қолға алынады. Ата-ана баланың көп уақытын мектепте өткізетінін айтып, кінәні сырттан іздейді. Ал, мектептегі ұстаз болса, оның себебін отбасылық проблемамен байланыстырып, ата-ананың өзінен іздеуде. Полицейлер әлімжеттік көрсету,

қыспақ жасаудың соңынан келген кесел деп өз тұжырымдарын айтып жатады.

Суицидке итермелейтін негізгі фактор – депрессия. ДДҰ болжамы бойынша 2030 жылы депрессияның салдарынан болған суицид жүрек-қан тамырлары мен рак ауруларынан алдыңғы қатарға шығады. Сондықтан, балаға дауыс көтеріп айқайлап, өз қалауыңызды жасатып немесе жұмысбастылыққа салынып, балаға тек материалдық жағдайын жасап қана қойып артынан жер сипап қалмау үшін, өз баласына ата-ана алдымен үлгілі ұстаз, ақыл-кеңес айта алатындай жанашыры, сырын айта алатын досы, жазалаудан көрі проблеманың шешу жолын бірге іздейтін психолог бола білуі керек. Ата-ананың өзінің қолынан келмесе, баланы депрессиядан алып шығатын арнайы психолог немесе психотерапевт мамандардан көмек алуы қажет.

Жалпы, баланың бұзақылыққа салынып немесе өзіне-өзі қол жұмсауына жол бермеу үшін, бірінші кезекте, ата-ана бала тәрбиесіне үлкен көңіл бөлуі қажет. Біріншіден, ата-ана мен баланың қарым-қатынасы сенімділік негізінде құрылуы қажет. Алғашқысы көп жағдайда баланың айтқанын елемей, болмашы бір нәрсеге дауыс көтеріп жататындар бар. Оның барлығы баланың еңсесін түсіріп, ата-анасына деген сенімсіздік туғызады. Әрі ата-ананың таңнан кешке дейін жұмыста екенін ескерсек, баламен отырып сөйлесуге уақыт болмайтыны анық. Осы аралықта бала немен айналысты? Ол жағы белгісіз... Кез келген бала әке-шешесіне өз қалауын жеткізе алатындай, «әрі сен маған бөгет жасап тұрсың» -деген жауап естімейтін деңгейде болуы, екіншіден, баланың кіммен және қандай қарым-қатынаста екендігін қадағалау міндетті. Қажет болған жағдайда баласының достарымен де араласып, мүмкіндігінше оның отбасы туралы хабардар болуы керек. Өйткені, ол араласатын бала тұрмыс деңгейі төмен немесе қараусыз қалған бала болса ақша сұрау, әлімжеттік көрсету сынды басқа да проблемаға әкеліп соғуы мүмкін. Ең бастысы, қандай жағдай болмасын бала өз проблемасымен өзі жеке қалмай, ата-анасы немесе отбасы мүшелерімен бөлісе алатындай ортада тәрбиеленуі қажет.

Өмір – күрес. Бұл – өмір заңдылығы. Мықты әлсізді алып жығады. Ал, қоғамның әлсіз буыны ол – жасөспірімдер. Еліктегіш. Сенгіш. Тәжірибесіз. Өмірдің кез келген құбылысын жаны-

на жақын қабылдайды. Әлі келмеген, күші жетпеген, ақылсыздығынан, жалғыз қалған тұста өлімге жүгіреді. Мүмкін, өзгенің назарын өзіне аударудың оңай жолы осы деп ойлар. Себебі, көптеген ата-аналар баласы өлімге жүгінгеннен кейін ғана көңіл бөліп, құлазыған жан дүниесін түсінуге тырысады.

Бірақ, тым кешігіп қалғандарын түсіне ме екен?!

Бала тұлғасы қалыптасуындағы әкенің орны

Ғ. САПАРОВА

Ер балаға тәрбие беріп, тура жол сілтейтін – **әке**. Құрғақ ақыл мен жөнсіз таяқ баланы түзей алмайды. Қисайған ағашты түзеу қиын, ал түзу өсіру оңай, сондықтан бала кішкентай күннен бастап әкесі оның жасына сай дұрыс бағдар беріп отыру керек.

Әрбір әке төмендегі кеңестермен баласын тәрбиелеуге міндетті:

1. Егер сіз өз-өзіңізге сенімді болмасаңыз, ұлыңызды сенімді болуға үйретіңіз, оның сенімділігін күшейтіңіз. Өйткені, сенімділіктің маңызы зор. Әкеде жоқ сенімділікті ол қайдан алады?

2. Жеке гигиеналық заттарды, киімдерін тазалап ұстауға кеңес беріңіз;

3. Аз сөйлеп, көп тыңдау керектігін айтыңыз. Адамдардың көбі тыңдағандарды жақсы көреді;

4. Тура жолмен нан табуды үйреніңіз және ұлыңызға соны үйретіңіз;

5. Табысқа жету үшін талмай еңбек ету керектігін және табыс дайындықты сүйетінін құлағына құйыңыз;

6. Дүкеннен киім алғанда да, зат алғанда да сапалысын алуға дағдыландырыңыз. Өйткені, сапасыз, арзан зат тез істен шығып қалады. Ал сапалы зат ұзақ уақыт игілігіңізге жарайды;

7. Ер адам тек өзі үшін ғана емес өзгелер үшін да жауапты болатынын алдын ала түсіндіріп жүріңіз. Ер жеткенде бір отбасының отағасы, бүкіл Отанның ұланы болатынын айта жүріңіз;

8. Жігіттің нақты мақсаты мен арманы болуы тиіс;

9. Армандауды үйретіңіз. Кішкентай кезінен бастап салмақты армандарға қол созса, болашағына оң көзқараспен қарайтын болады;

10. Өтіріктің өрге баспайтының айтып отырыңыз. Жасына қарап өмірде болған түрлі дәлелдер келтіріп айтыңыз. Ойнап болса да жалған сөйлеуге үйретпеңіз;

11. Тілі шығып келе жатқанда сөзіне қызығып балағат сөз айтқызып үйретпеңіз. Тәтті тілінен боқтық сөздер естілмесің десеңіз, ер жете келе аузынан әдепсіз сөздер естілмесін десеңіз боқтауды үйретпеңіз;

12. Үнемі қыздарды сыйлап, ренжітпеу керектігін айтып отырыңыз «қыз – болашақ ана». Ол үшін өзіңіз де ұлыңыздың көзінше оның әпке-қарындастарына, анасына, өз анаңызға жұмсақ болыңыз;

13. Үлкенге құрмет көрсетуді үйретіңіз;

14. Көмекке мұқтаж адамдарға қол ұшын созудың да дұрыс екендігін айтып жүріңіз;

15. Өз денсаулығының қадірін үйретіңіз; Салауатты өмір салтын сақтануды, зиянды заттардан (ішімдік, шылым) аулақ болуды, дұрыс тамақтануды айтып, ең маңыздысы өз іс-әрекетіңізбен үйретіңіз «бала көргеннің істейтінін» есіңізден шығармаңыз;

16. Газет, журнал, кітап оқыңыз, оқуды балаға үйретіңіз;

17. Сұхбаттасып тұрған адамның көзіне қарау керектігін үйретіңіз;

18. Уақытымен ұйқыға жатып, таңды спортпен қарсы алудың пайдасы зорын түсіндіріңіз;

19. Қолға түскен ақшаны бәрін бір мезетте жаратып тастау – нағыз ақымақтың ісі екендігін ескертіңіз. Ер адамда болашағына арналған ақша қоры болуы міндетті және маңызды;

20. Алыста жүргенде ата-анаға хабары мен жағдайын айтып, кем дегенде аптасына екі рет қоңырау шалып хабарласып тұруы міндетті екенін айтыңыз;

21. Сылтау айтуға дағдыланбау керектігін айтыңыз. Сылтау – әлсіздіктің белгісі;

22. Ең бірінші жеңілетін адам – ол ашуланшақ, эмоцияға тез берілетін адам;

23. Тура жолмен жүріп те өмірдің қызығына батуға болатының түсіндіріңіз;

24. Қасында үнемі сенімді, адал достарының жүргенің қадағалаңыз;

25. Өмірдің бір асау теңіз екендігін түсіндіріңіз. Адам өмірде кез келген жағдайға дайын болуға керектігін және болған істе болаттай берік болу керектігін айта жүріңіз;

26. Жар таңдағанда да мұқият болу керектігін айтыңыз. Асығыстық танытып, өкінетін шешім қабылдап қоймауын қадағалаңыз. «Сүйдім» деп тек сезімге ғана ерік беріп, ақылды ары қоюдың қажеті жоқтығын түсіндіріңіз.

Әрине, ол үшін ең алдымен өз-өзіңізді түзеңіз. Өзіңіз түзелмей,

ұлыңызға дұрыс бағдар бере алмайсыз. Саналы ұрпақ өсіру үшін тыңдайтын құлақ, ұғатын сана болуы шарт, осы кеңестердің маңызы зор.

«Бала тәрбиесі» тесті

Анықтама: Сіздің назарыңызға әр баланың күнделікті тұрмыс-тіршілігінде кездесуі мүмкін 10 жағдай берілген. Ата-ана ретінде сіздің бұл жағдайларға көзқарасыңыз қандай? Яғни әрбір сұрақтан кейін берілген жауап нұсқауларыңыз сіздің тәрбиелеу әдістеріңізге сәйкес келгенін белгілеңіз. **Іске сәт!**

1. Сіздің балаңыз өте бұзық және төбелесқұмар делік. Күн сайын үйге киімі жыртылып немесе бет-аузы көгеріп келеді. Сіз:

а) не болғанын сұрап, киімдерін тігіп, жуып, жараларының күтімін жасайсыз;

ә) балаңызға көмек бересіз, бірақ бұзақылықтарының жақсылық әкелмейтіндігі, бір күні соның азабын көретіндігі туралы қайта-қайта айтып, балаға ұрсасыз;

б) оған тіпті қарамайсыз, өзінің мәселелерін өзі шешу керек.

2. Балаңыздың жақын достары бар, бірақ олар жақсы тәрбие көрмеген, бұзық балалар. Сіз:

а) олардың ата-аналарымен сөйлесесіз;

ә) балаларды үйге шақырып, оларды ықпал етуге шақырасыз;

б) балаңызға достарының жаман жақтарын түсіндіріп, өзіне жаман үлгі болғандығын айтасыз.

3. Балаңыз ойын ойнағанды жақсы көреді, бірақ ешқашан ұтылғысы келмейді. Сіз:

а) еш нәрсе жасамайсыз, ойнауды білетін болса жеңілуді де білуі тиіс деп ойлайсыз;

ә) жеңілуді үйренгенше онымен ойнамайтыныңызды айтасыз;

б) балаңыздың жеңілуді ұнату үшін әдейі ерекше жағдайлар жасайсыз.

4. Балаңыздың белсенділігі соншама, күніне 24 сағат ойнап жүгіріп жүре береді. Ұйықтауы керек болса да жатқысы келмейді. Сіз:

а) оған ұйқының маңыздылығын түсіндіресіз;

ә) қалаған уақытында жатуына рұқсат бересіз, бірақ таңертең белгіленген уақытта тұруын тексеріп тұрасыз;

б) ұйықтайтын уақыт келгенде баланы жатуға зорлап, мұны ереже қылуға тырысасыз.

5. Балаңыз өзіне қатысты болсын, болмасын күнін азаннан кешке дейін теледидар қараумен өткізеді.

Сіз:

а) ол үшін кейбір бағдарламаны таңдап, тек қана соларды қарауын ғана талап етесіз;

ә) теледидар қарау үшін белгілі уақыт бөлесіз, бірақ не қараса да бала өзі таңдайды;

б) теледидарды өшіріп тастайсыз.

6. Балаңыз жеткілікті дәрежеде дәрекі, сөзге әуес делік. Тіпті мұндай құлқымен айналасындағы адамдардың мазасын алады.

Сіз:

а) оған мұндай мінез-құлықтың жақсы болмағандығын түсіндіріп, дәрекі болмауын айтасыз;

ә) дәрекі іс-әрекет жасауына тыйым салып, бұзақылығына жаза бересіз;

б) жақсы іс-әрекеттерін қайталау үшін мақтап, мәпелейсіз.

7. Балаңыздың жасы әлі кішкентай болса да қыздарға (ұлдарға) қырындауын бастаған. Сіз:

а) еш нәрсені қозғамай, болған күйінде тастайсыз;

ә) мұның тек балалық махаббат болғандығын ойлап, қарсы шығасыз;

б) балаңызға махаббат түсінігін айқындап түсіндіріп, әйел мен ер адам арасындағы қарым-қатынастардың қандай болуы керек екендігін жақсылап түсіндіріп бересіз.

8. Сіздің балаңыздың артынан басқа балалар қалмайды: оны ұрады, мазақтайды, т.б. делік. Сіз:

а) балаңызға қарсылық беру жолдарын үйретесіз;

ә) бұл балалардың ата-аналарымен кездесіп сөйлесесіз;

б) балаңыздың мұндай балалармен кездеспеуі үшін мүмкіндік жасайсыз.

9. Сіз үлкен қызыңызға немесе ұлыңызға барлық мүмкіндіктерді жасайсыз. Бірақ ол соған қарамастан еш нәрсенің қадірін білмей, кішкентай бауырларына айқайлайды. Сіз:

а) оны ақылды болуға, саналы әрекет жасауға шақырасыз, бірақ мұның барлығын кішкентай бауырларының да естуін қамтамасыз етесіз;

ә) балаңызға одан әрі көп көңіл бөлуге тырысасыз;

б) тіпті араласпайсыз.

10. Егер балаңыз дәрекі іс-әрекет жасап, басқаларды түсінбей, бөтен балаларға тиісетін болса, Сіз:

а) өзінің қатесін түсінуі үшін оған қарсы да тап солай әрекет етуді бастайсыз;

ә) оған көбірек көңіл аударып, проблемаларын түсінуге тырысасыз;

б) күш пен зорлықты тақырып еткен киноларды қарауына тыйым саласыз.

Ұпайлар:

	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
А	3	2	0	3	3	5	3	5	5	0
Ә	0	5	3	5	5	0	0	3	3	5
Б	5	0	5	0	0	3	5	0	1	2

Нәтижесінде: ұпайларды қосқаннан кейін төменде берілген тұжырымдамаларды пайдаланып, ата-ананың қандай тәрбие беретіндігін көруге болады.

0-18 ұпай аралығында: Сіз балаңызды өзіңіздің өміріңізге, тұрмыс жағдайыңызға қарай «көзіңізді жұмып» тәрбиелейсіз. Оның жаңа өскелең ұрпақ өкілі екенін ескермейсіз. Сіздің ойыңызша, тұйық болу және үлкендерді сыйлау адам үшін ең әдемі де әдепті ерекшеліктер. Бірақ сіз үшінші мыңжылдықта адамдардың өздеріне деген сенімінің, шығармашыл ерекшеліктерінің және өзінше іс-әрекет жасауының маңызды болатындығын ұмытып кеткенсіз. Сіздің балаңызға бұл ерекшеліктер керек болады, бірақ сіз балаңызда оларды жетілдіруге тырыспайсыз, өмірдің өзгергендігін және алға кетіп бара жатқандығын көргіңіз келмейді.

19-35 ұпай аралығында: Сіз балаңыздың келешекте қандай жағдайда өмір сүретіндігін ойламаған болсаңыз керек. Алайда сіздің дұрыс жасайтын жақтарыңызды да айта кетсек артық болмайды: сіз бүгінгі өмірге сай әрекет етіп, бала тәрбиесінде қалыптасып кеткен тәсілдердің орнына қазіргі тәсілдерді қолдануға тырысасыз, баланың өз мәселелерін өзінің ойлауы керек болғаны ең дұрыс шешім деп табасыз, балаңыздың еркін іс-әрекет жасауына рұқсат бересіз, оның беделіне нұсқан келтірудің керектігі жоқ деп ойлайсыз. Бірақ мұның бәріне қарамастан, балаңыздың өмірге әзір екенін айту қиын. Сіз онда ойлау еркіндігін, өзіне сенім сезімін жеткілікті түрде жетілдірмейсіз. Сіз балаңыздың әр нәрседе тек қана сізді тыңдауын қаламасаңыз да оның өз ойларына жеткілікті түрде сенбейтініңізді айтуға болады.

36-50 ұпай аралығында: Сіз балаңыздың әділет және мейірімділік басым болатын, менменшіліктің сыналатын, ақыл, еркін, ой, сананың сыйлы болатын қоғамда өмір сүретіндігіне шын жүректен сенеді екенсіз. Бұны жақсылап ойлап көріңіз.

Топтасып жұмыс істеуге арналған психологиялық жаттығулар

Г. ЖАЛЕЛОВА

Мақсаты: педагогтар арасында жағымды әлеуметтік-психологиялық ахуал қалыптастыру. **Өткізу формасы:** тренинг-сабақ.

Қатысушылар: педагогтар.

Қажетті құралдар: қағаз, қаламсап, түрлі-түсті карандаштар, «Керемет» мектеп бейнесі, аспаптар, құстар, жан-жануарлар аттары жазылған карточка.

Бернард Шоудың мынадай бір сөзін айта кетсем: «Біз қартайғандықтан ойын ойнауды тоқтатып тұрған жоқпыз, ойын ойнамағандықтан қартайамыз» деген. Олай болса, қарым-қатынасымызды жақсартып, педагогтар арасында жағымды психологиялық климат орнатып, көңіл-күйімізді көтеру үшін психологиялық ойындарға кезек берсек.

1. «Аялы алақан» жаттығуы.

Мақсаты: педагогтар арасында бір-біріне деген сыйластықты, мейірімділікті, сенімділікті қалыптастыру. Ойынға қатысушылар бір-бірін еркелетіп атауы тиіс. Ол үшін жанындағы адамның есімінің бас әріпіне сәйкестендіріп атауы керек. Мысалы: есімі Гүлмира болса «Гүлім» деп атауға болады.

«Көрші» жаттығуы.

Мақсаты: әрбір қатысушының сол топтың бір мүшесі екендігін сезінуі, бір-біріне жылылық сыйлау.

Нұсқаулық: Көршінді оң жақтан құшақта,

Көршінді сол жақтан құшақта,

Оң жақтағы көршіңе бір жымып,

Сол жақтағы көршіңе бір жымып қара.

«Бой жаз» жаттығуы.

Уақыты: (5 мин). Ал қазір сәл бой жазып алайық, ол «қорқыныштан арылу» деп аталады. Бұл бой жазуымыздың мақсаты, қорқынышты, мазаланудың алдын алу, күйзеліс жағдайына дайындалу болып табылады. Ыңғайланып отырыңыз, еркін дем алыңыз, көздеріңізді жұмыңыздар және көз алдарыңа елестетіндер, сіздер жасыл алаңда, ашық күннің астында дем алып отырсыздар... Аспанда күн шуағын шашып тұр және осы нұрдың шашуының бөлігі сізге тиісті... Оның шуақтары сіздің басыңызды жұмсақ және еркелетіп қыздырады, денеңізге кіреді, ол өн бойыңызға төгіледі, осының бәрі сіздің қорқыныш пен жағымсыз ойларыңыз бен сезіміңізді, ренішіңізді ерітеді. Орнына жарық сәуле толады.

Барлық таза емес бөліктеріңіз қараңғы түнге айналып, оны жұмсақ

жел тез қуады, ол сіздің денеңізді тастап кетеді. Сіз қорқыныштан арылдыңыз, сіз тазардыңыз, сіз көңілдісіз.

«Джунглидегі жаңбыр» жаттығуы.

Мақсаты: Иық. мойың, омыртқа аймақтарындағы бұлшық еттің жиырылуын жою, босаңсу, шаршағанды басу. Уақыты: 10 минут

Нұсқау: Тар шеңбер құрамыз. Джунгли ну орманындамыз деп ойлаймыз. Ауа райы бастапқыда өте керемет болады. Күн көтерілгенде өте ыстық, ауа қапырық болды. Бір мезетте жеңіл самал жел соқты. Алдынызда тұрған адамның арқасына қолыңызбен жеңіл қимылдар жасаңыз. Жел күшейе түседі. (арқаға батырынқырайтын қимылдар жасалады) Құйын басталады (күшті айналыс қозғалыстарын жасаңдар). Содан кейін жәй жаңбыр сіркірейді (көршіңнің арқасын саусақтарымен түртесің). Нөсер жауын басталады (жоғары төмен алақан, саусақтармен сипайсың). Бұршақ аралас жауын жауа бастады (барлық саусақтарыңызбен түртесіз). Содан кейін қайтадан нөсер жауын, жай жаңбыр, одан кейін күн ашылады. Енді 180 градусқа бұрылып, жаттығуды қайталаймыз.

«Сіз білесіз бе?» жаттығуы.

Мақсаты: қатысушылардың бір-бірін жақсы тану, өзара бөлісу, мән бермей жүрген қасиеттерін өзара түсінісу.

Нұсқаулық: «Сіздің алдарыңызда қоржын бар. Осы қоржыннан бір билет аласыз. Онда әртүрлі жануарлар мен құстар, жәндіктер аттары жазылған. Алдымен әркім өзіңіздегі билеттегі жануарлармен танысып, көршіңіздің бойында осы жануарлардағы бар қасиеттерді анықтайсыз».

6. «Сыйлық» жаттығуы.

Мақсаты: тұлға аралық қарым-қатынасты дамыту және топ ішіндегі ауызбіршілікті қалыптастыру.

Әр топ мүшелері тек қана қимыл мен ым арқылы қасындағы әріптесіне сыйлаған затты көрсету керек, ал көршісі заттың атын айтып сыйлықты алғыс білдіре отырып қабылдайды.

7. «Жылан» жаттығуы.

Мақсаты: Аталмыш жаттығу тығыз дене қатынасы арқылы орындалатын болғандықтан, топтың бірлесуіне септігін тигізеді.

Нұсқау: Қатысушылар тұрады. Жаттықтырушы олардың біреуін біршама уақытқа далаға немесе басқа бөлмеге шыға тұруын ұсынады.

Барлығымыз бір-біріміздің қолымыздан ұстап, қатар құрайық. Бұл қатарды жылан дейік, ал екі адам – оның басы мен құйрығы. Көп жағдайда, жылан «шатасқан» - әртүрлі шығыршық құрап, оралып жатады. Жаттықтырушы өзін «жыланның басымын» деп атап, «жыланның» шатасып оралуын бастайды. Шатасу барысында біріккен қолдарды аттап өтуге, астынан өтуге болады. Шатасудың соңында жыланның «басы» мен «құйрығы» бос қолдарын жасыруы тиіс, бірақ екеуі қол ұстаспауы қажет. «Жылан» шатасқан кезде, жаттықтырушы есіктің сыртында тұр-

ған адамды «жыланды» тарқатуға шақырады. Оған жыланның «басы» мен «құйрығы» бар екенін айтуға болады.

8 жаттығу: «Менің жүрегім ән айтады, егерде мектепте...», «Менің жүрегім қайғырады, егерде мектепте...» Шеңбер бойынша әрбір ойынға қатысушы өзінің жүрегі не үшін қуанып, не үшін қайғыратынын айтады. Біріншісі қуанышы туралы, екіншісі қайғыруы туралы, үшіншісі қуануы туралы... ары қарай жалғаса береді. **Психолог:** Мектеп өмірі қайнап жатыр. Біз сіздермен қазір КЕРЕМЕТ МЕКТЕПТІҢ болашағын жасауға саяхатқа шығамыз. Сіздер тақтадан Керемет мектептің моделін көріп отырсыздар, оның терезесі біз үшін ашық. Біз болашаққа қалай қол жеткізерімізді білмейміз, оған жету үшін бізге мына тапсырмалар көмек береді. Ватманда әр «терезенің» тақырыбы жазылған. Алдымен ойланып алыңыздар, сосын қолдарыңыздағы бланктың оң жағына сізді не қуантатынын, сол жағына не ренжітетінін жазасыз. Бланктерді әрбір «терезенің» тақырыбына сай толтырасыздар.

«Терезе» тақырыбы. Пед. тренингтің талдау сұрақтары:

1. Ұжымдағы психологиялық қарым-қатынас;
2. Мұғалімнің кәсіби өсуіне қажетті жағдайлар, мұғалімге кәсіби және әдістемелік көмек берудің нәтижелігі;
3. Ата-ана, отбасының мектеп жүйесіндегі орны.

Ұжым тақырыптарға байланысты 3 топқа бөлінеді. Әр топ өздерінің тақырыбы бойынша 15 минут ішінде анализ жасап, дайындайды. (Музыка қосылып тұрады). Топтардың экспертін шығып оқиды, оны КЕРЕМЕТ МЕКТЕП моделінің ішіндегі сәйкес «терезеге» жабыстырады. Әр топ қорғап болған соң, ұжым өз ойларын білдіруге болады.

Психолог: Біздің қол созған КЕРЕМЕТ МЕКТЕБІМІЗ, болашағымыз белгілі болды. Ал оған жету үшін кім күшін салады екен? Ендеше, барлығымыз бір-бірімізге көңіл аударайық. **Психолог:** Мектепте әр түрлі кадрлар жұмыс істейді. Өз лауазымдарыңызға қарай топқа бөлінесіздер: әкімшілік, бастауыш және жоғары сынып мұғалімдері, кәсіподақ, әлеуметтік педагог және мектеп психологі. Керемет мектеп үшін әр топ өзінің міндетін, тағы не істей алатынын жазсын. 10 минуттан кейін әр топ өз міндетін оқып, қағазды сәйкес «терезеге» бірнешеу етіп жабыстыруы керек.

Психолог: Сонымен, біз біріге отырып, КЕРЕМЕТ МЕКТЕПКЕ қол жеткізу үшін біраз тапсырмаларды шешіп тастадық. Енді, сіздердің құрметтеріңізге музыка ойналады.

9-жаттығу: «Оркестр». Сіздер музыкалық аспаптың аты жазылған карточканы аласыздар, сол аспаптың әуенінде ойнап, 3 этаптан өтесіздер.

1-этап: Әрқайсыңыз денеңіздің мүшесін немесе дауысыңызды пайдалана отырып, «Ұстазым» әнінің әуеніне саласыз;

2-этап: Барлық ұжым – бұл оркестр. Мектеп директоры – дирижер. Оркестрды басқарып, осы әуенді ойнату керек;

3-этап: Рефлексия (талдау, пікірлесу, тілек білдіру).

Бүгінгі пікірлесу кешіміздің қорытындысын шығаратын кез келді. Олай болса «Бүгінгі біздің тренингтен алған әсеріміз...» айдары бойынша берілген плакаттарға әр топ өздерінің көңіл-күйін, алған әсерлерін бейнелеуі қажет.

Қорытынды: «Қыран түлегіне қайырылмас қанат сыйлайды, ұстаз түлегіне алға бастар талап сыйлайды», - демекші, қадірлі әріптестер шәкірттеріңіз білім әлемінде биіктерден көрініп, еңбектеріңіз жана берсін. Сіздердің еңбектеріңіз арқылы мектебіміздің өркендей, өрлей беруіне тілектеспін!

Қарым-қатынас дағдыларына арналған тест жинағы

А. АМАНҚҰЛОВА

Өз тіліңізді ноқталап ұстау – аса пайдалы қасиет. Мұны психологтар коммуникативті бақылау деп атайды. Орташа есеппен алғанда өзара қарым-қатынас кезінде еркектер әйелдерге қарағанда өздерін жақсы бақылай алады деп есептейді, әйтсе де, бұл мәселе талас туғызып келеді. Егер сіз өзіңізді басқалармен қарым-қатынас кезінде қандай екеніңізді білгіңіз келсе, осы **тест** арқылы өзіңізді сынап көріңіз. Иә, іске сәт!

Берілген нұсқамен келіссеңіз «иә» - 2 ұпай; келіспесеңіз «жоқ» - 1 ұпай.

1. Мен үшін өзім жек көретін адаммен достық қарым-қатынас жасай салу қиын емес.

а) иә; ә) жоқ.

2. Ешкіммен де ақырына дейін сыр ашысып, сөйлеуге болмайды деп есептеймін.

а) иә; ә) жоқ.

3. Басқалардың әдеттеріне ыңғайлана салуға менің қабілетім жоқ сияқты...

а) иә; ә) жоқ.

4. Мен басқаларды әбден біліп алған соң ғана өз өмірімнің шындығын айтуға кірісемін.

а) иә; ә) жоқ.

5. Менен жақсы актер шығар еді деп ойлаймын.

а) иә; ә) жоқ.

6. Кейде маған басқалар менің қайғырып-қапалануыма өзім сезінгеннен басқаша ойлайтын сияқты көрінеді.

а) иә; ә) жоқ.

7. Мен әр түрлі адамдармен қарым-қатынас жасаған кезімде менің өзім оларға сенер-сенбесіме қарай, өзімді әр түрлі жағдайда ұстаймын.

а) иә; ә) жоқ.

8. Кейде маған ішімде өз ойымды айтар кезде бақылаушы бақылап тұрғандай болады.

а) иә; ә) жоқ.

9. Өз шаруамда және басқа адамдармен қарым-қатынасымда өзімді барынша жақсы етіп көрсетуге тырысып бағамын.

а) иә; ә) жоқ.

10. Мен барлық кезде өзімді басқалар білетіндей жағдайда бола бермеймін.

а) иә; ә) жоқ.

11. Көпшілік бар отырыстарда өзімді көзге түсіруге тырыспаймын.

а) иә; ә) жоқ.

Жауабы:

Егер 18-22 балл жинасаңыз: Онда сіз өз-өзіңізді бақылай алатын, ұстамды екенсіз. Барлық кезде жағдайды бақылауда ұстап, сөйлесіп тұрған кісіні жақсы біліп, кез-келген рөлге оп-оңай ене аласыз. Шектен шықпай, сыпайы қатынас орната, жағдайды бақылауда ұстап жүресіз. Бұл – жақсы қасиет. Осы бағыттан таймаңыз.

14-17 балл. Әдетте, сіз өзгелермен қарым-қатынас кезіңізде өзіңізді бақылауда ұстай аласыз. Алайда, сіз өсек айтқанды да жек көрмейді екенсіз. Сонымен сұхбаттасу кезінде басқаның дауыс көтергеніне төзбей кететін көрінесіз. Сәл ұстамдырақ болсаңыз, сонда басқаға сыр алдырмайсыз. Өзгенің түйеден түскендей сөздерін байқамаған бола салсаңыз, ұстамдылық танытсаңыз, өзіңізге пайдалы болмақ. Осыны ескеріп жүріңіз.

11-13 балл. Сіз жиі-жиі сезіміңізге беріліп, ашумен бар шыныңызды айтып салады екенсіз. Кейбіреулер сізді басқаның пікірімен санаспайды деп ойлайды, десе де, сіз ондай адам емессіз. Сіз көп жағдайда өз сөзіңізге бақылау орнатып, аңдап сөйлесеңіз, «ауырмайсыз». Сәл ғана ұстамдылық – сіздің беделіңізді көтермек, ал бұл басқалардың алдында сізді жақсы адам етіп көрсетеді ғой. Осыны ескерсеңіз, бәрі де жақсы болады. Жолыңыз болсын! Өмірде сәттілік тілейміз.

Ұрыс-керісте ұстамдысыз ба?

1. Әдетте ұрыс кезінде сіз ...

а) нақты мәселені талқылайсыз; ә) бұрынғы реніштерді қазбалайсыз.

2. Ара қатынасты талқылауда кім белсенді?

а) екеуіміз де қалыспаймыз; ә) біреуіміз айқайлағанда, екіншіміз үндемейміз.

3. Ұрыстарыңыз диалог па, әлде монолог па?

а) екі монолог деуге болады. Өйткені мен өзімдікін дәлелдеп айқайлаймын, ол өзінше.

Бір-бірімізді тыңдамаймыз;

ә) дауысымыз қатқыл шыққанмен диалог деуге болады.

4. Жеңу үшін тақырыпқа қатысы жоқ нәрсені айту әдеттеріңіз де бар ма?

а) өкінішке орай, бар; ә) ондай деңгейге түспеуге тырысамыз.

5. Ұрыстың нәтижесінде сіз ...

а) күйеуіңіздің жағдайын түсінуге талпынасыз; ә) қорытынды шығармаймын.

6. Ұрыс соңында ...

а) ішіңіздегіні түгел айтып салғандықтан, жеңілдеп қаласыз;

ә) көп нәрсе айтылмай қалғандықтан өзіңізді ауыр сезінесіз.

7. Ұрыстың нәтижесінде ...

а) мәселені шешуге жол ашылып, ойлануға мүмкіндік болады;

ә) екеуміздің де бірбеткейлігімізден түсінісуге қадам жасаймыз.

8. Татуласқан соң ...

а) бір-бірімізге бұрыңғыдан бетер жақындай түсеміз; ә) іштей алыстап кетеміз.

Кілті:

Сұрақтар	«А» жауабы	«Ә» жауабы
1	5	1
2	5	1
3	1	5
4	1	5
5	5	1
6	5	1
7	5	1
8	5	1

8-18 балл. Өкінішке орай, тест нәтижесі ұрыс кезінде сіздердің бір-біріңізді кінәлауға, қорқытуға, шарт қоюға бейім екендеріңізді көрсетіп отыр. Отбасыңыздағы ұрыс-керіс неден басталса да, алдымен осы тақырып талқылауға тұра ма деп ойланып алғаныңыз абзал. Сізге жедел түрде қарым-қатынасты реттеуді ақылмен шешіп үйренген жөн. Мұндай өнерді үйренуге бәріміздің де мүмкіндігіміз бар.

19-29 балл. Сіз өзіңіздің осал тұсыңызды білесіз. Бірақ кейде өз-өзіңізді бақылауға шыдамыңыз жетпей кетеді. Тіпті бейбіт түрде өтті деген ұрыстың соңы үлкен жанжалға алып баруы мүмкін. Қарым-қатынаста неғұрлым шыдамды болғаныңыз жөн. Ұрыс шығаруға ешқашан кеш болмайды, ол сызат түскен қос көңілді қалпына келтіру оңай еместігі анық.

30-40 балл. Түсініспеушілікті шешудегі сіздің тәжірибеңіз көп адамға үлгі боларлықтай. Сіз ұрысқа жоқсыз демейміз, бірақ оның тамырын тереңге жібермеуде ақылыңыз әрқашан көмекке келеді. Сіздің ұрысыңыз аптап ыстықтығы жауған жаңбырдай қарым-қатынасыңызға жаңа леп береді. Бірақ мұны асыра қолданып жүрмеңіз.

Авторлар туралы мәлімет Сведения об авторах

АМАНҚҰЛОВА Ақбота Ерғанатқызы – №4 орта мектептің педагог-психологы. Жәпек батыр ауылы, Іле ауданы, Алматы облысы.

БЛИМОВА Жумагуль Серикбаевна – Ақтөбе өнеркәсіптік технологиялар және басқару колледжінің психология пәні оқытушысы. Ақтөбе қаласы.

ГУМАРОВА Акзира Абугалиевна – психолог, «Bayterek 2050» ЖШС жеке мектебі директорының әдістемелік жұмыстар жөніндегі орынбасары, Бостандық ауданы, Алматы қаласы.

ЖАЛЕЛОВА Гүлдәурен Нұралықызы – №81 орта мектебінің педагог-психологы. Қызылжар елді мекені, Арал ауданы, Қызылорда облысы.

ЗАКОРА Татьяна Дмитриевна – воспитатель КГУ «Областной дом юношества» Управления образования акимата Костанайской области, г. Костанай.

КОЛОСОВА Наталья Владимировна – учитель начальных классов КГУ «Общеобразовательная школа №42» г. Алматы.

КАДЫРОВА Назерке Талғатқызы – «Ғ. Абдуллин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ психологы. Жәнібек ауданы, Батыс Қазақстан облысы.

МАСАЛИМОВА Эльмира Бидахметовна – педагог-психолог КГУ «Детский дом №8» УО ВКО г. Семей.

ОЛЖАЕВА Ақнұр Қайнарқызы – «Мектептегі психология – Психология в школе» журналының бас редакторы, психол.ғ.м. Алматы қаласы.

САПАРОВА Ғалия Мырзағұлқызы – Сарықобда орта мектебінің психологы. Алға ауданы, Ақтөбе облысы.

ТЮЯКПАЕВА Гульсын Жакиевна – КГУ «Областной дом юношества» Управления образования акимата Костанайской области, г. Костанай.

ЧИНИБАЕВА Эльмира Халматаевна – учитель начальных классов КГУ «Общеобразовательная школа №42» г. Алматы.

ШАРИПОВА Гульвира Марипжановна – учитель английского языка КГУ «Общеобразовательная школа №42» г. Алматы